

Жолдар

Жаттығуға арналған тапсырмалар:

1. Жол берілген. Осы жолдағы орыстың дауысты кіші әріптерін үлкен әріптеріне өзгертетін программа құру керек.
2. Пернетақтадан енгізілген символдардың кодын шығаратын программа құру керек. Енгізу нүкте таңбасы енгізілгенде тоқтайды.
3. Мәтін берілген. Мәтіндегі сөздер өзара үтірмен ажыратылған. Соңғы сөзден ерекше болатын сөздерді экранға шығару керек.
4. Латын әріптерінен құралған мәтін берілген. Осы мәтіндегі қайталанатын әріптердің алғашқы кездескенін қалдырып, қалғандарын алып тастау керек. (Мысалы: *informatika nauka* => *informatk u*).
5. Мәтінде қатарынан тұрған сандардың ең үлкен санын шығару керек. (Мысалы, мен 1983 жылы 15 ақпанда тудым. Мұнда жауап 4-ке тең).
6. Ағымдағы нүктелі форматтағы нақты санды бейнелейтін S жолы берілген. Осы нақты санның (дөңгелектемей) бөлшек бөлімін бейнелейтін алғашқы N цифрын символдар жиынтығын шығарыңыз.
7. Бір не бірнеше бос орынмен (пробел) бөлінген сөздерден тұратын жол берілген. Жолдағы сөздер санын анықтаңыз.
8. Сөйлем жолы берілген. Әр сөз бас әріппен басталатындай етіп жолды өзгертіңіз.
9. Артық бос орындардан тұратын сөйлем жолы берілген. Сөздер арасында тең немесе бос орын белгісі тұратындай етіп жолды өзгертіңіз.
10. Бос орындармен берілген мәтін берілген. Ең соңғы сөз соңынан нүкте қойылған. Сөзде бірінші әрпі қайта кездестін сөздерді шығарыңыз.
11. Бос орындармен берілген мәтін берілген. Қайталанған сөздерді шығарып осы мәтінді қайта шығарыңыз.
12. Кіші әріптермен басталатын мәтін берілген. Соңынан нүкте қойылған. Осы мәтінді бас орыс әрпімен шығарыңыз.